

Қарағанды мемлекеттік медицина университеті
Психология, психиатрия және наркология кафедрасы

СӨЖ

Жеке тұлғаның құрылымдары (структура)

Орындаған: Аскандирова А.Н.
Тексерген: Оспанова Ж.Б.

Қарағанды 2012ж

Жоспары:



Кіріспе

Негізгі бөлім

- **Тұлға туралы жалпы түсінік**
- **Фрейд теориясы**
- **Тұлғаның құрылымы**
- **Тұлға және ұжым**

Қорытынды

Пайдаланылған әдебиеттер

Кіріспе



Тақырыпта қамтылған білімнің негізгі мазмұны мен мақсаты жеке адамның даралық ерекшелігі және оның ұжымдағы орнын көрсету. Мұнда жеке адам құрылымының басты компоненттері, адам іс-әрекетінің негізгі мәні, оның басты түрлері: ойын, оқу, еңбек дағды, білім, икемділік, әдет туралы түсінік беріледі.

Жеке адамның азаматтық қасиеттерін дамыту жөнінде сөз қозғағанда оқушылардың жеке басында имандылық, адамгершілік қасиеттерді, мәдені мінез-құлық ерекшеліктерін, ақыл-ой, сондай-ақ ерлік, эмоция құбылыстарын жарасымды қасиеттерін тәрбиелеу сияқты мәселелерге баса назар аударылуы тиіс.

Тұлға туралы жалпы түсінік



Жаңа туылған нәресте «адам» деп аталғанымен, «тұлға» деген атқа көпке дейін ие бола алмайды. Өйткені, кісі болып, ер жету үшін бала оңы мен солын, өзінің «менін» басқа «мендермен», яғни басқа адамдардан ажырата білуі тиіс.

Сондықтан да нәресте, сәбі, бөбектерді кісі, тұлға деп айту қиын. Есейіп, ер жетіп, өз бетінше әрекет ете алатын адамды ғана кісі, не тұлға дейміз. Қандай да болмасын бір іспен айналысатын, азды-көпті өмір тәжірибесі, білімі мен дағдысы, икемі, дүниетанымы, сенімі мен талғам-мұраты, бағыт-бағдары бар адамды тұлға деуге болады.

Фрейд теориясы



Тұлғаның құрылымымен қалыптасу жолы жөнінде бірнеше теориялар бар. Солардың ішінде ең қомақтысы Фрейдтің (1856-1939) психанализ (жан талдау) деп аталатын қисындары. Ғалым адамның еркінен тыс үнемі психикалық қақтығыстар (конфликт) жасап отыратын күш бар, соның нәтижесінде сана мен бейсана (санасыздық) арасында тартыс туып отырады дейді. Нәпсі құмарлық санасыздықтың негізгі көріністерінің бірі, жыныстық ләззәт (либидо) алу адамның өмір сүруінің негізгі қозғаушы күші дей келіп, ол сананың жетекшілік роліне жете мән бермеді.



Тұлғаның құрылымы

**Ид
(ол)**

**Эго
(мен)**

**Супер-эго
(жоғары мен)**

Ид (ол)



Ид-инстинктердің жиынтығы, ол санасыздыққы бой ұрып, рахаттану принципін басшылыққа алады.

Эго (мен)

Идтің (ол) оларға әр түрлі рухаттану инстинктерді түгендеп басшылық етуде шындықпен санасу принципін жүргізеді.

Супер-эго (жоғары мен)

Супер-эго адамгершілік ерекшеліктерді басшылыққа алып, бақылаушы және сынаушы міндеттерін атқарады

Тұлға және ұжым



Қоғамнан тыс адамның болуы мүмкін емес. **Индивид**-(пенде) тіршілік иесі, ол бірден тұлға бола алмайды. Адам басқа адамдармен үнемі қарым-қатынаста болғанда ғана өзінің әлеуметтік мәнін ашып, мақсатын жүзеге асырыды. Тұлғаның құрылымына топтыда жатқызуға болады. Топ дегеніміз бұл адамдардың тіршілік қажетін өтеу үшін бірлесуі, яғни, адамдар бірлестігі. Топтар алдымен шартты, реалды (нақты) болып бөлінеді. Психология ғылымының айналысатыны нақты топтар.

Нақты топ – адамдардың іс-әрекеті бір мақсатқа бағытталған, олардың белгілі бір кеңістікте, азды – көпті уақыт ішінде аралас – құралас жүретін бірлестік.

Топ екі адамнан бастап құрылады. Қырыққа дейінгі топ шағын/ сынып оқушылары, студенттер т.б./, ал мыңдаған, миллиондаған адамдарды біріктіретін топтар/ саяси партиялар, ұлт, кәсіподақ, діни қауым т.б./ үлкен/ макро/ топтар деп аталынады. Топтар сондай-ақ ассоциация, кооперация, корпорация деп те бөлінеді.